

Мереке қарсаңында

ЖАҢА ЖЫЛМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Жаңа жыл - әрбір адамның тағдырына жаңа белесті бағындыруға, сарқылмас табыстар мен талай жетістіктерге жетуге жетелейтін мереке.

шеберлер сүйген бақытты ана. Мереке күнімен құттықтай келген Ағзам Ахметжанұлын құшақ жая қуана қарсы алып, алдыңғы буын өкілдеріне деген шынайы қамқорлықтары



Осы Жаңа жыл мерекесі қарсаңында, желтоқсанның 30-ы күні аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров Саумалкөл ауылындағы II топтағы мүгедек бала Виктория Пичугинаны Жаңа жылымен құттықтап, оған жұмсақ ойыншық пен төттіге толы Жаңа жылдық сыйлық тарту етті.

Сонан соң аудан басшысы Ұлы Отан соғысының ардагері Қойшы Бейсембаевтың үйіне де арнайы ат басын бұрып, Жеңіс жауынгерін айтулы Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, мерекелік себетін тарту етті. Келесіде мүгедек бала Милана Корнева да ауданның бірінші басшысының назарынан тыс қалмады. Ағзам Ахметжанұлы Шағын ауданда тұратын Милананы да балалардың асыға күтетін Жаңа жылымен құттықтап, жұмсақ ойыншық пен төтті сыйлығын үлестірді.

Осы күні аудан басшысы ардагер ұстаз, көп балалы ана, «Күміс алқа» иегері Зияш Әмірзақованың да үйінде болып, ардақты Батыр ананы Жаңа жылымен құттықтады.

Зияш Мекенқызы 1938 жылы дүниеге келіп, Шолақөзек ауылында мұғалім болып қызмет істеген. Отбасында алты бала тәрбиелеп, қазіргі уақытта кіші ұлы Батыржан Арапұлының қолында тұрады. Балаларынан немере мен

үшін алғысын жеткізіп жатты. Аудан басшысы көп балалы ананы Жаңа жылымен құттықтап, отбасына береке бірлік, балалары мен немерелерінің және шеберлерінің қызығын көруге және ұзақ ғұмыр тілеп, жаңажылдық сый-сияпатын да сыйлады.

Сапарының соңында аудан әкімі Ұлы Отан соғысының ардагері Константин Кубракты да Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, арнайы жаңажылдық азық-түлік себетін сыйлады.

Осы күні аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров Елецкий ауылдық округіндегі Ұлы Отан соғысының ардагерлері Николай Ивановичий мен Александр Грековтарды, ал ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ерлан Қазбеков Казанка ауылдық округіне қарасты Николо-Борлык ауылындағы Ұлы Отан соғысының ардагерлері Ескендір Кәрімов пен Николай Лыткиндерді аудан басшысы атынан Жаңа жылдарымен құттықтап, арнайы сыйлықтарын табыстады.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

Ардагерлер ұйымдастырған мереке

Желтоқсанның 29-ы күні аудандық Мәдениет үйінде аудандық Ардагерлер кеңесінің Жаңа жылдық шырша мерекесі болып өтті.

Мерекелік кешке «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі Ағзам Тастеміров пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыров және кеш қонағы Ерлан Садықов қатысты.



Аудан басшысы құттықтауында «Осында жиналған барша ардагерлерді шын жүректен Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын! Жаңа жыл баршаңызға тек жақсылық әкелсін! Көңілдеріңіз көлдей шалқып, күш-қуаттарыңыз

арта берсін! 2015 жылы ауданымызда өткен мәдени іс-шараларға белсене араласып, шын жанашыр жандар екендеріңізді көрсеткіздер. Мұның барлығы жастарға үлгі болуға тұрарлық. Сондықтан да, Сіздерге зор алғысымды білдіремін. 2016 жылы Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы. Осы мешін жылы елімізге тек құт-береке, молшылық, тыныштық алып келсін! Жаңа жылда еліміздің алға қойған жаңа арман-мақсаттары орындалуға жазсын!

Құрметті ардагерлер, Сіздерге шатшадыман көңіл-күй, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін. Ортамызды толтырып қашанда аман жүріңіздер!» — деген жүрекжарды тілегін жеткізді.

Армия Әбілқайырұлы: «Еліміз, жұртымыз аман болсын жастарымыз да, қарттарымыз да аман болсын! 2015 жылы көптеген жетістіктерге жеттік, алдағы жылда да алар асуларымыз көп болсын. Аман болайық!», — деді.

Аяз ата мен Ақшақар келіп, шыршаны жағып, ардагерлердің өнерін тамашалап, сыйлықтар үлестірді. Шыршаны айнала ән айтып, би билеген ардагерлеріміздің көңілдері көтеріңкі болды. Мерекелік кештің жалғасы түрлі ойындарға, ән мен биге ұласты. Бұл күні би билемеген ойынға қатыспаған жандар болмады. Сонымен қоса, түрлі жан-жануардың бейнесінде киінген ардагерлер де кешке ерекше дайындалғандары үшін арнайы сыйлықтармен марапатталды.

1 орын — «Әтеш» бейнесіне, 2 орын — «Жалмауыз кемпірге», 3 орынды — үш «Маймыл» бөлісіп алды. Орын алмаған костюм иелеріне де Жаңа жыл кешінен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА,
Суретті түсірген автор.

Мереке мезеті

Жаңа өмірдің бастауы

Жаңа жыл – жаңалық пен жаңа лептің иесі. Жаңа жылдың алғашқы күнінде, яғни 1 қаңтарда аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров балалар бөліміндегі балалар мен жас босанған аналарды құттықтау мақсатында орталық аудандық ауруханада болды.



Аяз ата мен Ақшақарды жанына ерткен аудан басшысы осынау Жаңа жыл мерекесінде ана бақытына ие болған жас аналарды құттықтады. Илияшев, Гуштин, Нұрмағамбетовтер әулетінде қыз балалар дүниеге есігін ашты. Аналарға гүлдер мен жұмсақ ойыншықтар табыс етілді. Бұдан кейін мерекелік демалыс күндері де босану бөлімшесінде іңгөлап тағы бір қыз бала өмірге келді. Қазіргі таңда, ауданымызда бала туу көрсеткіші жоғарылағандығы көңіл қуантады. Нәрестелер мен олардың отбасына денсаулық пен жақсылықтар тілейміз.

Мерекелік тосын сый мұнымен біткен жоқ, бұл қуанышқа балалар бөлімінде жатқан жеті бүлдіршіміз күз болды. Оларға іші төттіге толы жаңажылдық сыйлықтар табыс етілді. Сонымен бірге, екі қызымыз Аяз ата мен келген қонақтарға өлең жолдарын айтып берді.

Осындай жылы жүздесулер мен әсерлі тосын сыйлар кішкентай балдырғандардың есінде мәңгіге сақталып, олардың сауығуына себепші болары сөзсіз.

Ирина БУРКОВСКАЯ.
Суретті түсірген автор.
Аударған Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

Жаңа 2016 жыл!

Жаңа жыл келді, жаңа күн!

Дәл Жаңа жыл күні орталық алаңда ойнақы әуеннің ырғағымен мерекені қарсы алуға арналған кешке ауа райының тым қытымырлығына қарамастан, аудан тұрғындары көптеп жиналды.

Кеште аудан әкімі Ағзам Тастеміров аудан тұрғындарын құттықтап, өткен жылдың жетістіктері мен сәттіліктеріне тоқтала келе, жаңа Мешін жылы барша қазақстандықтарға тек құт-береке алып келіп, әр шаңырақта амандық болсын деген ізгі тілегін жолдады.

Сондай-ақ, кештің басты нөмірі Жаңа жылдық отшашу болды. Ауызбен айтып, құлақпен естігенше, көзбен көрген артық дегендей, сақырлаған сары аяз да отшашуды көруге алаңға келген үлкен-кішіге тосқауыл бола алмады.

Осылайша, Мешін жылы да ортамызға өніп, төрге озды. «Ескі жыл - есірке, Жаңа жыл - жарылқа» дегендей, барша қазақстандықтың келер Жаңа жылдан үміті зор. Өткен жыл еліміз үшін тек қуанышымен, елеулі оқиғаларымен, тарихи тағылымымен есте қалса, келер жылымыздан да тек игіліктер көруге нәсіп етсін.

Жаңа жыл - армандардың орындалатын шағы. Дәл осы күні ауданымыздың әрбір азаматы, әрбір шаңырақ өздерінің арман-мұраттарына жетіп, тек қуаныштың куәсі болып, алға ұмтыла берсін. Еліміздің ынтымағы арта түсіп, береке-бірлігіміз нығая берсін. Осы жылы, осы күні дүние есігін ашқан періштелерімізге алдағы жылы да тек жақсылықтар ілессін.

Жаңа жылға тілегіміз бен Жаңа жылдан тілеріміз тек қана жақсылық, тыныштық, ынтымағымызды берік етіп, өткен жылдың жақсылығын жалғастырып, тыныштығын тұрақты, сәттілігін серік етіп, ынтымағымызға ырыс құйсын дейміз.

Жаңа жыл - ақ арман мен тілектерді орындасын!

Жаңа жыл еліміз үшін жақсылықтың бастауы болсын!

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

Аудан тұрғындарының назарына!

Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылдың 29 желтоқсанындағы № 456 қаулысына сәйкес 2016 жылдың 14 қаңтарынан бастап ауыл ішіндегі № 1 және № 5 бағыттағы автобустарда жолақы құнына жаңа тарифтер енгізіледі. Саумалкөл ауылы бойынша – 60 теңге, Саумалкөл ауылынан тысқары және Новоукраинка ауылына дейін – 100 теңге.

Қаңтар айына аудандық мәслихат хатшысының және депутаттарының азаматтарды қабылдау кестесі

(сағат 15-00 сағат 17-00 дейін)

Олжабаева Мәндігүл Олжабайқызы, № 3 сайлау округі, аудандық мәслихат, 11 қаңтар.

Есәғалиев Сырымбет Қайрошұлы, № 1 сайлау округі, аудандық мәслихат, 14 қаңтар.

Сәлімжанов Кенжеболат Халелұлы, № 2 сайлау округі, аудандық мәслихат, 18 қаңтар.

Жанахметов Берік Темешұлы, № 4 сайлау округі, аудандық мәслихат, 21 қаңтар.

Еременко Наталия Николаевна, № 11 сайлау округі, аудандық мәслихат, 25 қаңтар.

Гладкий Александр Владимирович, № 5 сайлау округі, аудандық мәслихат, 27 қаңтар.

Байғарин Алмас Манасұлы, № 13 сайлау округі, аудандық мәслихат, 29 қаңтар.

Саумалкөл с. Ш.Уәлиханов көшесі, 44
Анықтама телефоны: 21-902.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Ауданда мемлекеттік қызметкерлердің қызмет аясында жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында және ҚР «Жемқорлыққа қарсы күрес» туралы Заңының нәтижелі орындалуына байланысты Айыртау ауданы мәслихат аппаратында **21-9-02 сенім телефоны** орнатылған.

Қоңырау шалыңыздар, сіздердің хабарландыруларыңыз бей жай қалмайды.

2016 жылдың қаңтар айында «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының Қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдау кестесі			
Реттік №	Күні	Қабылдау-шының Т.А.Ә.	Негізгі жұмыс орны бойынша лауазымы
1	06.01. 2016 ж.	Досымбе-ков Құрал Досымбайұлы	Аудан әкімінің орынбасары, «Нұр отан» партиясының мүшесі (келісім бойынша)
2	08.01. 2016 ж.	Тлеубаева Раушан Райымжанқызы	№8 сайлау округінен аудандық мәслихаттың депутаты, аудандық мәслихаттың хатшысы (келісім бойынша)
3	13.01. 2016 ж.	Тастеміров Ағзам Ахметжанұлы	«Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі
4	15.01. 2016 ж.	Ахметжанов Болат Қадырұлы	«Нұр Отан» партиясы АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшесі, «Нұр Отан» партиясы АФ-ы төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша)
5	20.01. 2016 ж.	Есәғалиев Сырымбет Қайрошұлы	«Баянтай» ЖШС-нің директоры, №1 сайлау округінен аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)
6	22.01. 2016 ж.	Молдахметов Саят Ғазизұлы	Аудандық орталық аураханнның бас дәрігері, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
7	27.01. 2016 ж.	Жанахметов Берік Темешұлы	«Қазпошта» АҚҚ аудандық пошта торабы байланысының бастығы, «Нұр Отан» партиясынан аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)
8	29.01. 2016 ж.	Мантариди Василий Анатольевич	Константиновка ОМ-нің директоры, №2 сайлау округінен облыстық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)

Ескерту: Азаматтарды қабылдау апта сайын сәрсенбі және жұма күндері 15.00-19.00 сағатта филиалдың кеңсесінде мына мекен-жайда жүргізіледі: Саумалкөл селосы, Ш. Уәлиханов көшесі, 42-А (2 қабат).

Қабылдауға алдын ала жазылу мына телефондар арқылы: 22-722, 79-062.

2016 жылдың қаңтар айында «Нұр Отан» партиясы Айыртау аумақтық филиалының сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшелерімен азаматтарды қабылдау кестесі

Реттік №	Күні	Қабылдаушының Т.А.Ә.	Негізгі жұмыс орны бойынша лауазымы
1	06. 01. 2016 ж.	Молдахметов Саят Ғазизұлы	Аудандық орталық аураханнның бас дәрігері, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
2	13.01. 2016 ж.	Ахметжанов Болат Қадырұлы	«Нұр Отан» партиясы АФ-ның сыбай-лас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшесі, «Нұр Отан» партиясының АФ төрағасының бірінші орынбасары
3	20.01. 2016 ж.	Тұралинов Мырзабай Шәріпұлы	№1 Саумалкөл ОМ-нің директоры, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, «Нұр Отан» партиясы Айыр-тау АФ Саяси кеңесінің Бюро мүшесі (келісім бойынша)
4	27.01. 2016 ж.	Гладкий Александр Владимирович	«Г ладкий» ЖК басшысы, депутаттық фракция басшысының орынбасары, №5 сайлау округінен аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)

Ескерту: Азаматтарды қабылдау апта сайын сәрсенбі күндері 15.00-19.00 сағатта филиалдың кеңсесінде мына мекен-жайда жүргізіледі: Саумалкөл селосы, Ш. Уәлиханов көшесі, 42-А (2 қабат).

Қабылдауға алдын ала жазылу мына телефондар арқылы: 22-722, 79-062.

Балабақша өмірінен

Төрлет, Жаңа жыл!

Иә, әр адам жаңа жылды аса қуанышпен бір – біріне жақсылық тілеп, дастарханды жайнатып, ерекше жаңалық күте қарсы алады.

Өткен қой жылы біздің бөбекжай – бақшамызғада өз жетістіктерімен есте қалып отыр. Атап айтсақ, ең басты жетістік 5 жылдық еңбектің қорытындысы болып табылатын мемлекеттік аттестациядан жақсы нәтижемен өтуі болып табылса, ұжым қызметкерлері мен тәрбиеленушілеріміздің түрлі аудандық, балабақшаішілік, республикалық байқауларға , іс – шараларға қатысып, жүлделі орындардан көрінуі.

Қой жылы «Үркер» республикалық зияткерлік марафонында 6 тәрбиеленушіміз жеңімпаз атанып, диплом және сыйлықтармен марапатталса, жыл қорытындысы бойынша осы марафонның бас жүлдесі, яғни «Зияткер балабақша» кубогын жеңіп алды. Ал Золотова Анастасия есімді қызымыз «Үркер жұлдыздары» жинағына іріктеліп алынып отыр. Сонымен қатар желтоқсан айында өткен аудандық «Ең үздік мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісі» байқауына қатысқан алдыңғы қатардан көрініп жүрген Қусаинова Әсель Анатольевна үздік атанып І дәрежелі дипломмен марапатталса, аудандық «Қысқы қиял» байқауына қатысқан тәрбиешілеріміз, бүлдіршіндеріміз 2,3 орындардан көрінді.

Ал белсенділігімен, талантымен көзге түсіп жүрген Мельничук О.И. аудандық фо-румда «Ең үздік жас маман» номинациясы бойынша марапатталды.

Балабақша- балалық шақтың баспалдағы. Балабақша баланың «жаңа өмірге» деген алғашқы қадамы, яғни оның өмірге бейімделуі де отбасынан кейін осы балабақшадан басталатыны туралы айтсақ, балабақша табалдырығында жүріп осындай жетістіктерге жетіп жүрген бүлдіршіндеріміз ертеңгі күні биік шыңдардан көрінері хақ.

«Бірлесе көтерген жүк жеңіл», демекші егер де отбасы, балабақша, мектеп, қоғам бірлесе бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарса, жаңа 2016 жылы, мешін жылы алар асуларымыз, бағындырар белестеріміз мол болары белгілі.

Әсемгүл КӨПЕШОВА,

«Родничок» ясли –бақшасының әдіскері.

2016 жылдың қаңтарынан бастап зейнетақы мен жәрдемақы мөлшері өзгерді

2016 жылдың 1 қаңтардан ба-стап ортақ (еңбектік) зейнетақы 9% ұлғайды. Базалық зейнетақы мөлшері 11965 теңгені құрайтын бол-ды. Ең төменгі зейнетақы мөлшері 25824 теңге.

ҚРДСМ «Халықты әлеуметтік қорғау сауалы бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 26 қазандағы № 369-V Заңына сәйкес 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап мүгедектігі бойынша, асы-раушысынан айырылу бойынша

және жасы бойынша мемлекеттік

әлеуметтік жәрдемақылар 25 % ұлғайды. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері күнкөрістің ең төменгі деңгейі мөлшерінен алынған. Қазақстан Республикасының «2016-2018 ж.ж. республикалық бюджет туралы» 2015 жылғы 30 қарашадағы № 426-V Заңына сәйкес күнкөрістің ең төменгі деңгейі 2015 жылмен салыстырсақ 7 % ұлғайды және 22 859 теңгені құрайтын болды.

2016 жылдың 01 қаңтарынан ба-стап ең төменгі есептік көрсеткіштің мөлшері 2121 теңгені құрайды.

Ең төменгі есептік көрсеткіштің мөлшерінен арнайы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері, бір жасқа дейінгі бала күту бойынша жәрдемақы мөлшері, мемлекеттік арнайы жәрдемақы №1 және №2 тізім бойынша саналатын болады.

Бала туу біржолғы жәрдемақы 66621 теңгені құрайтын болды. Төрт немесе одан да көп бала тууына біржолғы жәрдемақы 111035 теңге болды. 2016 жылдың қаңтарынан бастап мүгедек баланы асырап отырғандарға жәрдемақы мөлшері 24002 теңгені құрайды.

№ 1 кесте

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы

Мүгедектік категория	топ	1.01.2015 ж. ба-стап мөлшері		1.01.2016 ж. ба-стап мөлшері		Ұлғаюы
		ҚД	теңгемен	ҚД	теңгемен	
Жалпы сырқаттағы мүгедектер, сондай-ақ бақытсыз жағдайда ІІД қызметкерлері мен әскери қызметкерлер	1 топ	1,42	30337	1,78	40690	10353
	2 топ	1,11	23715	1,39	31775	8060
	3 топ	0,78	16664	0,98	22402	5738
16 жасқа дейінгі мүгедек балалар		1,05	22433	1,31	29946	7513
Бала шағынан мүгедектер, 16-дан 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар	1 топ	1,42	30337	1,78	40690	10353
	2 топ	1,15	24569	1,45	33146	8577
	3 топ	0,91	19442	1,14	26060	6618
Жедел қызмет әскери қызметкерлері, ядролық апат жою-шылары, экологиялық әсері салдарынан мүгедектері	1 топ	1,69	36106	2,11	48233	12127
	2 топ	1,36	29056	1,7	38861	9805
	3 топ	1,05	22433	1,31	29946	7513
Қызметтік борышын атқару кезінде мүгедектігін алған әскери қызметкерлері және ІІД қызметкерлері	1 топ	2,19	46788	2,74	62634	15846
	2 топ	1,56	33328	1,95	44576	11243
	3 топ	1,05	22433	1,31	29946	7513

№ 2 кесте

Асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы

Еңбекке жарамсыз отбасы мүшелерінің саны	Бір отбасы мүшесіне (ҚД-нен)	01.01.2015 ж. мөлшері		01.01.2016 ж. мөлшері		Ұлғаюы
		ҚД	теңгемен	ҚД	теңгемен	
1 еңбекке жарамсыз отбасы мүшесімен	ҚД-нен 0,66-дан	0,69	14742	0,86	19659	4917
2 еңбекке жарамсыз отбасы мүшесімен	ҚД-нен 0,57-ден	1,19	25424	1,49	34060	8636
3 еңбекке жарамсыз отбасы мүшесімен	ҚД-нен 0,47-ден	1,48	31619	1,85	42289	10670
4 еңбекке жарамсыз отбасы мүшесімен	ҚД-нен 0,38-ден	1,57	33542	1,96	44804	11262
5 еңбекке жарамсыз отбасы мүшесімен	ҚД-нен 0,31-ден	1,62	34610	2,03	46404	11794
6 немесе одан да көп еңбекке жарамсыз отбасы мүшесімен	ҚД-нен 0,27-ден	1,69	36106	2,11	48233	12127
Панасыз жетім (әрбір балаға), осы отбасының басқа мүшелеріне	0,94-тен 0,43-тен	20083 9187	1,18 0,54	26974 12344	6891 3157	

№ 3 кесте

Жасы бойынша мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы

Жәрдемақы атауы	01.01.2015 ж. мөлшері		01.01.2016 ж. мөлшері		Ұлғаюы
	ҚД	теңгемен	ҚД	теңгемен	
Жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы	0,52	11110	0,52	11887	1777

№ 4 кесте

Мемлекеттік арнайы жәрдемақы (№1, №2 тізім бойынша)

Жәрдемақы атауы	01.01.2015 ж. мөлшері		01.01.2016 ж. мөлшері		Ұлғаюы
	ҚД	теңгемен	ҚД	теңгемен	
№1 тізім бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақы	9,42	18671	9,42	19980	1309
№2 тізім бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақы	8,38	16610	8,38	17774	1164

№ 5 кесте

Бір жасына дейін бала күту бойынша жәрдемақы

Отбасында туу кезінде	01.01.2015 ж. мөлшері.		01.01.2016 ж. мөлшері		Ұлғаюы
	АЕК	теңгемен	АЕК	теңгемен	
Бірінші балаға	5,76	11 417	5,76	12 217	800
Екінші балаға	6,81	13 498	6,81	14 445	947
Үшінші балаға	7,85	15 559	7,85	16 650	1 091
Төрт немесе одан да көп балаға	8,9	17 640	8,9	18 877	1 237

№ 6 кесте

Арнайы мемлекеттік жәрдемақы (таза жеңілдіктер орнына)

Жәрдемақы категориясының атауы	2015 ж. мөлшері		2016 ж. мөлшері		Ұлғаюы
	АЕК	теңгемен	АЕК	теңгемен	
Социалистік Еңбек Ері, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегері	9,6	19028	9,6	20 362	1 334
Кеңес Одағының Батыры, үш дәрежелі Даңқ орденінің иегері	138,63	274765	138,63	294 035	19 270
Ұлы Отан соғысы қатысушылары санынан Социалистік Еңбек Ері	74,65	147957	74,65	158 333	10 376
ҰОС қатысушылары	16	31712	16	33 936	2 224
ҰОС мүгедектері	16	31712	16	33 936	2 224
ҰОС қатысушыларына теңестірілген тұлғалар	6,19	12269	6,19	13 129	860
ҰОС мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар	7,55	14965	7,55	16 014	1 049
ҰОС қайтыс болған жауынгерлердің жесірлері	4,48	8880	4,48	9 503	623
Қайтыс болған жауынгерлердің отбасылары	4,59	9098	4,59	9 736	638
ҰОС қайтыс болған жауынгерлердің әйелдері (күйеулері)	2,56	5074	2,56	5 430	356
ҰОС жылдарында тылда жұмыс істегендер	2,13	4222	2,13	4 518	296
1988-1989 жж. ЧАЭС-да болған апаттың салдарын жоюға қатысқандар	2,13	4222	2,13	4 518	296
I және II топ мүгедектері	1,49	2954	1,49	3 161	207
III топ мүгедектері	0,64	1269	0,64	1 358	89
16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	0,96	1903	0,96	2 037	134
«Алтын» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналар	6,4	12685	6,4	13 575	890
4 немесе одан да көп көмелетке толмаған көп ба-ла-лы отбасылар	4,16	8246	4,16	8 824	578
Саяси қуғын-сүргін құрбандары	1,07	2121	1,07	2 270	149
ҚР еңбек сіңген дербес зейнеткерлер	1,07	2121	1,07	2 270	149
«Қазақстанның ғарышкер ұшқышы» атағына лайықты тұлғалар	138,63	274765	138,63	294 035	19 270

Б.СМАҒҰЛОВА, ЗТМО СҚОФ директоры.

Володар ауылдық округінің әкімі Е.С.Сәдуақасовтың 2015 жылғы округтың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы бойынша есебі

2015 жылдың 30 қарашанына Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты кезекті Жолдауы қазіргі онжылдықтағы стратегиялық жоспардың бір бөлігі болып табылады. Ширек ғасырдың ішінде Қазақстан өзін экономикалық қабілетті мемлекет ретінде таныта біліп, әлемдік аренада өзінің орнын бар әлемге паш еті.

Өнеркәсіп

2015 жылы Володар ауылдық округінің аумағында келесі нысандар ашылды: Саумалкөл ауылында «Гурбанов» ЖК ағаш өңдеу цехы және Аюлова Ф.Б тұшпара цехы, Новоукраинка ауылында «Искаков» ағаш өңдеу цехы.

Ауыл шаруашылығы

Егін шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтар: «Айыртау-Әліби» ЖШС, «Баянтай» ЖШС және шаруашылық қожалықтары «Аслан» ШҚ, «Азамат» ШҚ, «Дүйсекеев және К» ШҚ мен «Отан» ШҚ. Егістік алқабы 20505 га құрайды. Володар ауылдық округі бойынша орташа егін өнімдімгі 15 ц/га.

Астық өнімдерін сақтау, кептіру және қайта өңдеу «Айыртау элеваторы» ЖШС, «Айыртау Астық» ЖШС және «Баянтай АҚП» ЖШС шағын элеваторымен жүзеге асырылады.

Ауылдық округтегі мал шаруашылығымен айналысатындар: «Баянтай» ЖШС, «Тамды» ФҚ, «Молдекенов» ЖК, «Аманов» ЖК, сондай-ақ жеке меншік иелері. 2015 жылы Саумалкөл ауылында «Әміренов» ЖК мал сою цехы ашылды.

«Сухов» ЖК үй жағдайында бөдене өсірумен айналысады.

Кәсіпкерлік

Кәсіпкерлік секторы белсенді дамуда. 2015 жылы аудан орталығында келесі сауда нысандары ашылды: «Инз-дан» - «Исин» ЖК, «Айлана» дүкені - «Байгарин» ЖК және 2 дәмхана («Дәмді» - Ж. Аяпбергенова мен «Корона» А.Н. Бижов, «Қадырбеков» ЖК - дөңгелек жөндеу шеберханасы, «Қадырбаева С.Г.» - сұлулық салоны, Айыртау ауылында «Баярисов» ЖК «Адель» дүкені ашылды.

Абаттандыру және инфрақұрылымды дамыту
«Аймақтарды дамыту» бағдарламасы аясында М. Янко көшесі мен «Бәйтерек» ықшам ауданында балалар ауласы салынып, балалардың қуанышына айналды.

2015 жылдың 6 шілдесінде Саумалкөл ауылындағы ықшам ауданда «Астана» сквері ашылып, «Алтын адам» монументі орнатылды.

Жазғы кезеңде Саумалкөл ауылында Янко көшесінде асфальт төселсе, шағын ауданда, Әуелбеков, Достық, Забелкин, Ильин, Губарьков, Т. Боқанов, ТЖС, Абылай - хан, Ақан сері, көшелеріне құмтас төселді. Құсайынов, Забелкин, Ильин көшелерінің жолдары тегістелді.

Сырымбет ауылдық округінің әкімі Д.Қ.Сүлейменовтің 2015 жылғы округтың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы бойынша есебі

2015 жылдың 30 қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев **«Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсу, реформалар, даму»** атты жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауын жариялады, бізге Елбасы қойылған мерзімдікте орындалуы қажет міндеттер мен басым бағыттарды белгіледі.

Сырымбет ауылдық округінің аумағы 78767 гектарды құрайды. Ауылдық округ құрамына 8 елдімекен, 505 үй кіреді. 2015 жылдың 1 қаңтарына округтегі тұрғындар саны 1 966 адамды құрады, солардың ішінде: 267 зейнеткер, 36 көп балалы жанұя, 92 мүгедек, 41 тыл ардагері, 3 интернацио-нал – жауынгерлер, 59 «Алтын» және «Күміс» алқалармен марапатталған Батыр аналар.

Аграрлық салада 6 жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, 14 шаруашылық қожалықтары бар. Олардың жалпы егістік көлемі 26740 гектарды құрайды.

Мал басы негізінде округ тұрғындарында шоғырланған, соның ішінде: ІҚМ- 2 904 бас, жылқы- 1951 бас, қой-ешкі – 4801 бас, шошқа -482 бас және құс-16 324 бас. Қара мал санын көбейту үшін алдымен фермерлік шаруашылықтар мен тұрғындардың жеке меншік шаруашылықтарының дамуына жағдай жасау, жөмдеу басасын нығайтып, іріктендіру, табынды қайта жаңарту жұмыстары қажет.

Еттің экспорттық әлеуеті бағдарламасы бойынша 52 (өлу екі) бас ірі қара мал сатылды: «Арай-1» ЖШС, басшысы Т.Н.Құрманғожин – 33 бас, «АиК Агро» ЖШС, басшысы А.Е. Абақұмов -15 бас және «Сүлейменов» ШҚ, басшысы Ж.К. Сүлейменов - 4 бас. «Бизнестің жол кар-тасы 2020» бағдарламасының екінші бағыты бойынша мал шаруашылығын дамытуға Сұлыкөл ауылының тұрғыны Ж.Ү. Байманов - 2,5 миллион теңге, Дауқара ауылының тұрғыны Д.К. Ергалиев жолашулыларды тасымалдау қызметі үшін

Антоновка ауылдық округінің әкімі м.а. С.Н.Қасенованың 2015 жылғы округтың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы бойынша есебі

Қазақстан Республикасы Президенті – ұлт басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауы мемлекеттің, қоғамның дамуына жаңа серпіліс беруге бағытталған. Дағдарысқа қарсы және құрылымдық қайта құрудың жиынтық жоспары анықталды.

Қазіргі кезде Антоновка ауылдық округінде 2596 адам, 846 үй бар. Ауылдық округте 1 ұлы Отан соғысының ардагері, 7 ауғаныстан жауынгері, 424 зейнеткер және 102 мүгедек тұрады.

Аграрлық өнеркәсіп. Ауылдық округ аймағында 7 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және 4 шаруа қожалығы тіркелген.

Ауылдық округ аумағында өнеркәсіптік кәсіпорындар ішінен «ХПП Уголки» ЖШС қалыптасқан. Кәсіпорын астық өндірумен және сақтаумен айналысады және тұрақты жұмыс орындарымен – 119 адам қамтамасыз етілген. Биылғы жылы 16 млн. теңгеден астам қаржыға кәсіпорындарды модерни-зациялау жүргізілген. «Үглегож» ЖШС Лавровка ауылында ағашты терең өңдеу бойынша шағын зауыт құрылыстары басталды, 80 жұмыс орынын қамтамасыз етеді.

Мал шаруашылығы. Негізгі мал басы округтің жеке секторында шоғырланған. Ірі қара мал саны – 1875 бас, жылқы – 544 бас, қой-ешкі – 291 бас, шошқа – 250 бас, құстар – 3915.

«Журавка», «Нурсам» ЖШС ІҚМ өсірумен айналысады. «Ратмир» ЖШС қой өсірумен айналысады.

«Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» бағдарламасы бойынша округте жалпы сомасы 5,5 млн. теңгеден асатын екі нысан қаржыландырылды. 2015 жылы «Махметов» ЖК 3 млн. теңгеге сиырлар, «Нарымбетов» ЖК 2,5 млн теңгеге 10 бас сиырды сатып алды.

«Корасев» ЖК, басшысы Алексей Анатольевич Корасев, «Бизнес жол картасы» бағдарламасы бойынша ауылдық округтегі жеке бизнес болып табылатын бөдене өсірумен айналыса бастады.

Кәсіпкерлік. Шағын бизнес саласында шаруа қожалықтарынан басқа 22 жеке кәсіпкерлік: 20 дүкен, дәрiхана, АЗС, Кафе-бар, доңғалақтарды жөндеу шеберха-нысы, Комаровка ауылында ағаш тілгіш жұмыс істейді. Антоновка ауылында «Қазпошта» филиалы, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін учаскелік инспектор кабинеті бар.

Салықтар

2015 жылы ауылдық округ бойынша жалпы сомасы 25 565 286 теңгенің салықтары мен міндетті төлемдері жиналды.

Әлеуметтік қорғау және демография

Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын дамыту арқылы 17 адам жұмысқа орналастырылды. Шағын несиелеуге Володар ауылдық округінен 11 адам қатысты. Кәсіпкерлікті оқытуға 5 адам жіберіліп, 9 адам әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылды. Жастар практикасы бойынша 12 адамға жолдама берілді.

2015 жылы Володар ауылдық округінің атына келіп түскен өтініштер саны 261, соның 217-і жеке тұлғалардан, 39-ы заңды тұлғалардан, 32-і жеке қабылдаудан. Өтініштердің негізгі мәселесі жер пайдалану: тұрғын үй салуға жер учаскесініңызмет көрсетуге алу, орнатуға, тағы басқалар.

Білім беру

Ауылдық округте балаларды мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз ету бағдарламасы және «Балапан» бағдарламасы табысты жүзеге асырылуда. 2015 жылғы маңызды оқиғалардың бірі аудан орталығында «Ниятуллаев» ЖК 50 орынға арналған «Балауса» шағын орталығының ашылуы болды.

Денсаулық сақтау

Барлық деңгейдегі медициналық мекемелердің тұрғындардың денсаулығын сақтау және нығайту, көрсетілетін қызметтер мен алғашқы медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында Володар ауылдық округінде орталық аудандық аурухана, аудандық емхана, Айыртау фельдшерлік-акушерлік пункт, Новоукраинка ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункт, Воскре-сеновка, Орловка ауылларында медициналық пункттері жұмыс істейді.

Мәдениет және спорт.

Салауатты өмір салтын қалыптастыруға дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысу зор ықпал етеді. Бұл үшін округімізде қолайлы жағдайлар туғызылған. Бізде 2 стадион, шаңғы базасы, 7 спорт залы, 3 жазғы спорт алаңы және 3 хоккей корты бар. 2015 жылы аудан орталығындағы «Агротехникалық колледж» КМК жа-нынан хоккей корты ашылды.

Қоғамдық тәртіпті қорғау

Мемлекет басшысының ұсақ құқық бұзушылықтарға, бұзақылықтарға және мәдениетсіздіктерге «мүлдем төзбейшілікті» қоғамда қалыптастыру бойынша тапсырма-ларын жүзеге асыру аясында 184 әкімшілік хаттама толты-рылды. Құқық бұзушылықтардың алдын алуда орнатылған бейнебақылау камераларының да атқарар рөлі қомақты, олардың көмегімен 434 - бап (ұсақ бұзақылық) бойынша 12 әкімшілік хаттама толтырылды.

3,0 миллион теңге несие алды.

Округ бойынша бюджеттің кіріс бөлігінің жоспары 100 % орындалды.

«Аумақты дамыту» бағдарламасы бойынша 2015 жылға бөлінген бюджеттік қаржы (елді мекендерді көгалдандыру және абаттандыру, ауыл ішіндегі жолдарды ішінара жөндеу, жарықтандыру) 100 % орындалды. Арықбалық - Саумалкөл-Сырымбет- Қарақамыс- Светлое КТ-65 аудандық маңыздағы жолдың 93 км жөнделді..

Округ аумағындағы шаруашылық субъектілерінің, мектеп, ауылдық дөрігерлік амбулатория, мұражай қызметкерлерінің және ауылдық округ әкімі аппаратының қызметшілерінің қатысуымен жазғы-күзгі уақыт аралығында Сырымбет ауылын абаттандыру жұмыстары бойынша тазалық бейсенбіліктері мен сенбіліктері өткізіліп тұрды. Округ мектептерінде мектеп және ескерткіштер маңайын абаттан-дыру жұмыстары жүргізілді.

Тұрғындарды сумен 15 су құбыры және 3 құдық қамтамасыз етеді, су сапасы стандартқа сәйкес.

Округімізде 2 орта мектеп, 2 негізгі мектеп, 2 бастауыш мектеп бар. Барлық оқушылардың саны 317 бала.

Сондай-ақ, округте ауылдық дөрігерлік амбулатория, фельдшерлік-акушерлік пункт және 6 фельдшерлік пункт жұмыс істейді, медициналық қызмет ұсынудың сапасын жақсартуда 1 дөрігер және 12 медбике қызмет атқарады, денсаулық сақтау қызметкерлерінің округтің елді мекендеріне шығу кестесі жасалған. Ауылдық округ аумағында 4 мәдени мекеме жұмыс істейді: Дауқара ауылдық кітапханасы, Сырымбет ауылындағы Демалыс орталығы, ауылдық кітапхана, Ш.Уәлиханов атындағы тарихи-этнографиялық мұражай. Сонымен қатар округте мемлекеттік қорғауға алынған «Айғаным» қонысы орналасқан.

Білім беру. Ауылдық округте білім беру 3 орта, 1 негізгі мектеп және мектептегі шағын орталықтар арқылы іске асырылады.

Барлық мектептерде оқыту процесі белгіленген талаптарға сәйкес өтеді. Жабдықталған пәндік кабинеттер, компьютерлік сыныптар, интерактивті тақталар, ИНТЕРНЕТ, кітапхана бар. Мамандармен толықтай қамтамасыз етілген, барлық мектептерде жөндеу жұмыстары жасалған.

Денсаулық сақтау барысында негізгі басымдылық алғашқы медико-санитарлық көмек көрсетуді дамыту болып табылады.

Ауылдық округтегі денсаулық сақтау дөрігерлік амбулато-рия және үш медициналық пункттермен іске асырылады.

Мәдениет және спорт. Ауылдық округте 4 мектеп және 1 ауылдық кітапхана бар. Ирина Якименконың басшылығымен «Червона Рута» украин мәдениет орталығы жұмыс істейді. Мектептерде спорт залдары бар, Антоновка және Лавровка ауылдарында хоккей корттары бар.

Салық. Бюджетке түсетін салық және басқа да міндетті төлемдер 100% орындалды. Бюджетке 3349360 теңге кіріс түсті. Соның ішінде мүлік салығы 56395 теңге, жер салығы 282540 теңге, көлік салығы 3010425 теңге.

Елді мекенді жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау. Бір көпбалалы отбасы атаулы көмек алады. Балаларға берілетін жәрдемақыны 6 аз қамтылған отбасы алады.

Есепті кезеңге 139,5 мың теңге сомасында жәрдемақы төленді. Қиын өмір жағдайына тап болған 14 адамға материалдық көмек ресімделіп, төленді. Ауылдық округ аумағында тұрып жатқан 2696 адамның 1254-і экономикалық белсенді, 604-і өзін-өзі қамтушылар, 25-і жұмыссыздар. 134 адам жұмысқа орналастырылды, 81 адам тұрақты жұмыс орнына орналастырылды, округтің 2 тұрғыны әлеуметтік қызметкер және шаштараз мамандығы бойынша мандығын жоғарлатуға және қайта оқуға жіберілді.

Округте елді мекендерді абаттандыру және санитарлық тазалау жұмыстары ұдайы жүргізіледі. Осы мақсаттарға қарастырылған қаржыландыру толық көлемде игеріліп, жұмыстар орындалды. Жыл бойы барлық ауылдарда абат-тандыру және санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді.

Ағымдағы жылдың жазында «КТ-66 Антоновка-Лавровка-Горное» автомобиль жолына маршруттық тәсілмен орташа жөндеу жүргізілді. Мердігермен жұмыс аяқталды.

Қаратал ауылдық округінің әкімі А.А.Дауылбаевтың 2015 жылғы округтің әлеуметтік-экономикалық даму қортындысы бойынша есебі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2015 жылғы 30 қарашада Қазақстан халқына «Қазақстан жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауында, өз халқына зор сенім білдіреді.

Біздің округте 5 елді мекен. 2016 жылғы 1 қаңтар айына Қаратал селолық округі бойынша тұрғындар саны – 894 адам.

Округ экономикасында басты сектор агроөнеркәсіптік көшен болып табылады. Округ аумағы 45146 гектар. Ауыл шаруашылығын жүргізу үшін пайдалы жерлер – 27948 гектар, оның ішінде жыртынды жер - 13562 гектар, шабындық жер - 14386 гектар. Округ бойынша биылғы жылы орта есеппен гектарынан 20 центнерден астық алынды. Егін себу және ору жұмыстары уақытында жүргізу үшін округтің барлық шарушылықтары техникалармен қамтылған.

Ауылдық округтің мал шаруашылығы жеке аулаларда шоғырланған. Округ бойынша 2016 жылғы 1 қаңтар айына тұрғындарында ірі қара мал – 1502 бас, сиыр – 807, жылқы –850, қой-ешкі - 3500 бас, құстар – 4500 бар.

«2020-жұмыспен қамту» бағдарламасы бойынша Қабдөшев Т.М. ЖК биылғы жылы мал шаруашылығын дамыту үшін 2,7 млн. теңге несие алып, 15 бас қара мал және 1 асыл тұқымды бұқа, 2 бас жылқы, 1 сиыр сауатын аппарат сатып алды, Мусин К. ЖК өз қаражатына 22 бас ірі қара мал және 1 бас асыл тұқымды бұқа сатып алды. 2016 жылы Тамыр ЖК «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 15 асыл тұқымды мал алуға жоспарлап отыр.

Округ бойынша 6 дүкен жұмыс істейді: Қаратал ауылында -3, Шүкірлік ауылында -2, Высокое ауылында – 1, олар халықты азық-түлік өнімдерімен және шаруашылық тауарларымен қамтамасыз етіп отыр. ЖШС «Жер-Ана» ауыл тұрғындарын бағасы 45 теңге нанмен қамтамасыз етеді.

Округте медициналық қызмет көрсету мақсатындағы 5 дөрігерлік бөлімше бар. Өсіп келе жатқан ұрпақтарымызды оқыту және тәрбиелеу үшін селолық округте, Қаратал ауылында 1 орта мектеп, Шүкірлік ауылында 1 негізгі мектеп, Высокое ауы-лында 1 бастауыш мектеп бар.

Қаратал орта мектебі жанында 20 балаға арналған шағын орталық жұмыс істейді. Шүкірлік негізгі мектебі жанындағы шағын орталықта 12 бала бар.

Біздің округте дене шынықтыру және спортты дамытуға көңіл бөлінеді. Жастардың спортпен шұғылдануына Қаратал ауылында 1 стадион, 1 мұзайдыны, футбол, баскетбол алаңы, округ бойынша 2 спортзал бар: Қаратал орта мектебінде және Шүкірлік негізгі мектебінде. 2015 жылғы желтоқсан айында Шүкірлік ауылында хоккей мұзайдыны ашылды.

Округте 2 кітапхана және 1 клуб бар. 2015 жылы желтоқсан айында Қаратал ауы-лында ауылдық кітапхана ашылды.

Қоғамдық тәртіпті сақтау және құқық бұзушылықтың алдына алу бойынша жұмысты ауылдық округ учаскелік инспектор Е.Б.Жүнісов жүзеге асырады. Округ бойынша қоғамдық кеңестер құрылды: Ветерандар кеңесі, Әйелдер кеңесі және Жастар істері жөніндегі кеңесі..

Округ бойынша барлық ауылдар таза сумен қамтылған.

Ауылдық округтің өзекті мәселесі – жол жөндеу. Қаратал ауылын «Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша топтама су жүйесіне қосу жобасы жасалды.

Қамсақты ауылдық округінің әкімі Ж.А.Беркімбайдың 2015 жылғы округтің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы бойынша есебі

Елбасының 2015 жылдың 30 қарашасындағы Жолдауың, барлық қазақстандық ерекше күтті. Өйткені қазір біз қаржы ғана емес, экономикалық дағдарысқа да ұшырап отырмыз. Осындай қиын кезеңде Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауы біздің жүрегімізге нық сөнім орнатты.

Қамсақты ауылдық округінің аумағы 92 399 гектарды құрайды, оның ішінде 52820 гектар ауыл шаруашылығына бөлінген.

Агроөнеркәсіп секторы. Қамсақты ауылдық округінде 35 677 гектар егістік алқабын құрайды. Өткен жылы 22 446 гектарға дөңді дақылдар отырғызылды. Округ бойынша орта есеппен алғанда бір гектардан 21 центнер астық алынды.

Мал шаруашылығы - негізінен мал басы жеке секторларда орналасқан. Ірі қара – 2346 бас, жылқы – 1357 бас, қой мен ешкі – 4498, шошқа – 155, құс – 14540.

Қамсақты округі бойынша жоғары сапалы мал өнімін алу үшін ер түрлі жұмыстар атқарылуда. Мал дөрігері профилактикалық егу және жасанды ұрықтандыру жұмыстарын уақытылы өткізуде.

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша «Арлан» ШҚ басшысы Шоқыбаев Асқар Төлетайұлы 8 млн 50 мың теңге сомасында 55 бас сиыр және 3 бас асыл тұқымды бұқа сатып алды. «Құлан» бағдарламасы бойынша «Амиржанова АҚ» ЖК 9 млн.тг. жылқы сатып алды.

Кәсіпкерлік. Жыл сайын экономиканы дамытуда шағын және орта бизнестің рөлі артуда. Шағын және орта бизнеснес округте экономиканы дамытудың басты өзегі болып табылады, себебі жаңа жұмыс орындарының ашылуына себебін тигізеді. Қазіргі уақытта ауылдық округ бойынша 16 жеке кәсіпкерлік объектілері тіркеліп, жұмыс атқаруда.

Білім саласында. Қамсақты ауылдық округінде 4 орта, 1 негізгі, 1 бастауыш мектеп жұмыс атқаруда. Оқушылар саны – 375.

Денсаулық сақтау саласында. Бүгінгі күнде ауылдық округте 1 дөрігерлік амбула-тория Карасевка ауылында орналасқан, бұл мекемеде күндізгі стационар бар, қалған бес елді мекендерде дөрігерлік пункттер орналасқан. Карасевка ауылындағы дөрігерлік амбулаторияда әлеуметтік дәрі- дәрмек сату дөріханасы орналасқан.

Мәдениет саласында. Ауылдық округте қоры 3500 кітаптан асатын - 4 мектептік, 1 ауылдық кітапхана және 2 мәдениет үйі бар.

Көркейту. Өткен жылы «Қамсақты ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ округті көркейту және абаттандыру бойынша келесі жұмыстар атқарды:

Ақан-сері мазары жөнделді;

елді мекендерде орналасқан ескерткіштерді сылау, сырлау жұмыстары жүргізілді, т.б.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау. Ауылдық округте ауыл тұрғындарының әлеуметтік проблемаларын шешуге баса назар аударылады. Округте жүйелі түрде тұрмысы нашар отбасылармен әлеуметтік жұмыстарға орналастыру бойынша жұмыстар атқарылады, мамандық алу жағдайлары да жасалған, шағын несие алу бағдарламалары уақытылы халыққа жеткізіліп тұрады, әлеуметтік көмектер көрсетіледі.

Ауылдық округте 1508 белсенді жұмыс жасындағы адамдар тіркелген, оның ішінде: 511 тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілсе, 532 өзін-өзі қамтуда, 16 адам жұмыссыз деп тіркелген. 2015 жылы 15 адам уақытша әлеуметтік жұмысқа тартылды. 2015 жылы ауылдық округ бойынша 1 жанұя 112617 теңге сомасында әлеуметтік көмек алды.

Сумен қамтамасыз ету. Ауылдық округте 8 ұңғыма, 15 құдық орналасқан. Ауыз су стандарттарға сай.

Байланыс жүйесі. Байланыс жүйесінің қызметін «Қазақтелеком» АҚ жүргізеді.

Салық жинау. Биылғы жылы жергілікті бюджетке жоспарланған салық жинау 100 пайызды құрады.

Жерге салық – 149403 теңге;

Көлік салығы – 1766577 теңге;

Мүлік салығы – 35517 теңге.

«Қамсақты ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ жылына екі рет үй-үйді аралап санақ жүргізеді.

Константиновка ауылдық округінің әкімі С.Н

Константиновка ауылдық округінің әкімі С.Оспановтың 2015 жылғы округтың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы бойынша есебі

Жалғасы. Басы 5-бетте.
«Маркасян» ШҚ «Алтын асық» бағдарламасы арқылы 220 бас қойды иеленді.
«Құлагер» ШҚ қостанайлық тұқымды асыл жылқыларды өсіреді. Жыл сайын әр-түрлі деңгейдегі ат жарыстарына қатысады.

Орта және шағын бизнестің дамуы
Дамудың оң төнденциялары біздің округіміздің шағын кәсіпкерлігін айқындайды: 21 дүкен, 3 дәрiхана, 1 ТҚС жұмыс істейді.

Білім беру
Біздің округ аумағында 4 мектеп бар. Олар Константиновка және Құспек ауылдарындағы 2 орта мектеп, Ақанбұрлық ауылында 1 негізгі мектеп және Матвеевка ауылында 1 бастауыш мектеп. Жалпы мектептерде 353 оқушы білім алады.

Денсаулық сақтау
Округімізде Құспек ауылында 1 ауылдық дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік пункт, 1 дәрігерлік амбулатория жұмыс істейді.

Мәдениет
Бес ауылдық пункте мектептегі кітапханалар сақталған. Кон-стантиновка мен Құспектегі екі үлкен кітапхана бюджеттен қаржыландырылады.

Ауыл округіндегі Константиновка, Құспек, Матвеевка ауылдарындағы мектептерде көптеген спорттық іс-шаралар өткізілетін 3 спортзал және 5 спорттық алаң бар.

Константиновка ауылында «Юбилейный» стадионы жұмыс істейді.

Халықты әлеуметтік қорғау.
Округте 353 зейнеткер, 50 мүгедек адам, 9 көпбалалы отбасы-

Нижнеборлық ауылдық округінің әкімі М.А.Жүсіповтің 2015 жылғы округтың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы бойынша есебі

2015 жылдың 30 қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты кезекті Жолдауы жария етілді.

Президент Жолдауы жан-жақты қамтитын сипатқа ие болған экономикадағы жаһандық дағдарысқа байланысты еліміздегі, сондай-ақ әлемдегі ағымдық жағдайды терең талдауымен маңызды. Бұл жайлы Нұрсұлтан Әбішұлы ертеректе де айтқан болатын, бұны бүгінгі күннің шынайылығы да растайды. Мемлекет Басшысының «Бәрі де өзімізге байланысты» - деген сөзі ербір қазақстандықтың – көрісінің де, жасының да көкейіне жету керек.

Ауыл шаруашылығы

Округтің ауыл шаруашылығы саласы ірі ауыл шаруашылық кәсіпорны – «Бабық-Борлық» ЖШС ұсынылады, оның егістік алаңы – 25075 гектарды құрайды және жалпы егін егістік алаңымен 3 мың гектар мөлшерінде 4 шаруа қожалығы. Жаздық егіні 2015 жылы 15300 гектар құрады, оның ішінде **12140** га «Бабық Борлық» ЖШС, астықтың 19,3 ц/гектарден- 7000 гектар-дан асатын алаңан.

«Бабық Борлық» ЖШС-де жемістерді өсіру бойынша жазғы жылжй қызмет етті.

Округте мал шаруашылығы дамып келеді, округ тұрғындарының жеке ауласындағы ауыл шаруашылық малдарының саны «Бабық Борлық» ЖШС мал шаруашлығымен ұсынылған қоғамдық табынға маңызды үлесін қосады, онда қазақтың ақ басты тұқымды ірі қара малдары өсіріледі. Жыл аяғына малдардың саны 2000 басты құрады. Бұл малдың тұқымын өсіру бойынша шаруашылық асыл тұқымды болып табылады. Ірі қара мал жасанды ұрықтандыру пункті жұмыс істейді. «Бабық Борлық» ЖШС қой шаруашылығын өсірумен айналысады.

Мал шаруашылығын дамытумен сондай-ақ «Августин» шаруа қожалығы айналысады – бұл шаруашылықта 50 - бас жылқы ұсталады.

Кәсіпкерлік

Ауылдық округте 15 кіші кәсіпкерлік субъект жұмыс істейді, соның ішінде 1 заңды тұлға «Бабық Борлық» ЖШС, 4 – шаруа қожалығы, саудамен жұмыс істейтін 8 – жеке кәсіпкер, 2- ағаш

Имантау ауылдық округінің әкімі Л.В.Сердюктің 2015 жылғы округтың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы бойынша есебі

Өзіміздің жұмысызда біз Елбасымыздың Қазақстан халқына «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауын негізге аламыз, бұл дағдарыс кезеңіндегі жаңа нақты болашақтағы істердің жоспары, Елбасы нақты тапсырма-лар беріп, біздің күшімізді соларды орындауға бағыттады.

Ауылдық округ аймағы 66357 га жерді алып жатыр, оның құрамына 3 елді мекен кіреді, олар Имантау а., Верхний Борлық а. және Цуриковка а..

2015 жылдың есептік кезеңі ішінде салық жинау бойынша келесі жұмыстар өткізілді: көлік салығы 4756,0 мың. теңге, жер салығы 351400 теңге және мүліктің салық бойынша 85300 теңгені құрады.

Қазіргі уақытта 3 жарықтандыру желісі – 63 шамдар бар, электр қуатына төлем бюджет қаражаты арқылы төленеді.

